

АЛДАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№12 (124) 13 наурыз 2026 жыл

УНҚОСУ

ЖАҢА ЖОБА – ЖАСТАР АРАСЫНДА

Аудан көлемінде Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасы жарияланғаннан бері аудандық ардагерлер ұйымының төрағалары мен мүшелері ұйымшылдық пен белсенділіктің үйтқысы болып келеді. Олар Конституцияның жаңа жобасын халықтың санасына сіңіріп, бұл тарихи құжаттың жаңа дәуірдің іргетасы болғалы тұрғанын жеріне жеткізе насихаттап жатыр.

Күні кеше ғана аудандық ардагерлер ұйымының төрағалары мен мүшелері аудандық жастар ресурстық орталығында болып, жастармен кездесіп, Конституцияның жаңа жобасын талқылау мен сарапқа салу барысында өзара басқосу жасады. Онда аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов Конституцияның жаңа жобасындағы бөлімдер мен баптарға тоқталып өтті.

Бұдан кейін сөз алған ардагер, аудандық кәсіподақтар ұйымының төрағасы Сағындық Жылқыбаев Конституцияның жаңа жобасындағы XI бөлім мен 96-бапты кеңінен тіліне тиек етіп, олардың әрқайсысының саяси және қоғамдық маңызының аса жоғары екеніне түбегейлі түрде түсініктеме берді. Сағындық Жұмабайұлы сөзінің кезегінде басқа бап-



келе жатыр. Оның олай болатын жөні де бар. Атап айтқанда, «II бөлімдегі, 15-бапта: 1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады. 3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азаматтығына орай өз құқықтары мен міндеттері бар. 4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы азаматы үшін белгіленген құқықтар

тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс. 6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетке келтірілген зиянды мемлекеттен өндіріп алуға құқығы бар», - деп айқын түрде атап көрсетілген. Шынында да адам құқықтары мен бостандықтары қоғамымызда жиі кедергілерге кездесіп тұрады. Сондықтан да біздер бұл жағын басты ұстанымымыз деп түсінгеніміз абзал, - деп Мәдина Нәбиқызы әр сөзін шегелеп, нықтап айтып, тиянақты тұжырымын білдірді.

Көпті көріп, көңілдеріне тоқығаны жетерлік ардагерлер қауымы жастарға ағынан ақтарылып жаңа жобаның түп негіздеріне ұқыптылықпен және құнттылықпен мән беріп, жастардың санасына сіңіре білді. Ардагерлерден кейін сөз алған Алматы облысы ішкі саясат басқармасы ММ Қарасай аудандық қоғамдық келісім және даму орталығының бөлім басшысы Дидар Өтемісов те көкейде жүрген көрікті ойларын ортаға салды. Ол IV бөлімдегі Құрылтайға қатысты 52-бапқа ерекше тоқталып өтті.

Сөйлеушілер қатары аз болған жоқ. Жастармен болған кездесуді аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов қорытындылап, жастарға жалпыхалықтық Референдум сайлауында сәттілік тіледі. Жастармен болған кездесу жақсы өтті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.



тардан да жанды мысалдар келтірді. Жастар ардагер ана атанған апалары Мәдина Әбдірахманованың сөзін де айырықша назар аударып тыңдады. Ол өз сөзінде: «Мен Жаңа жобадағы мына бір жайға ерекше тоқталғым келеді. Бұл маңызы бар мәселе қандай кездесулерде болсын жиі айтылып

мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады. 5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және басқа тұлғаның және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық

АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ

Адам құқығы- Конституцияның басты құндылығы

Жаңа Конституция жобасында адам құқығы мен бостандығына басымдық берілуі-мемлекет дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды қадам. Бұл-құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген іргелі ұстанымды нақтылай түсетін тарихи бетбұрыс.

Конституция- кез келген елдің құқықтық іргетасы. Ол тек билік тармақтарының өкілеттігін айқындап қана қоймай, ең алдымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталады. Жаңа жоба осы қағиданы күшейтіп, адам құқықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітуді көздейді.

Адам құқықтарының басымдығы-демократиялық қоғамның басты өлшемі. Конституция жобасында сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі, меншікке қол сұқпау, әділ сотқа қол жеткізу, жеке өмірге қол сұқпаушылық сияқты негізгі құқықтар нақты әрі айқын тұжырымдалған. Бұл-азаматтардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған қадам.

Сонымен қатар, мемлекет пен азамат арасындағы жауапкершілік тепе-теңдігі де назардан тыс қалмаған. Яғни азамат өз құқығын білумен қатар заң талаптарын орындауға

міндетті. Мұндай теңгерім қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

Конституция жобасында тек саяси ғана емес, әлеуметтік-экономикалық құқықтарға да ерекше мән берілген. Білім алу, медициналық көмекке қол жеткізу, әлеуметтік қорғау, еңбек ету құқығы- мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл-халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі ұстаным.

Әсіресе осы топтардың құқықтарын қорғау, балалар мен мүгедектігі бар азаматтардың мүддесін қамтамасыз ету мәселелері нақты көрсетілуі-әлеуметтік әділеттілікті нығайтудың маңызды алғышарты.

Адам құқықтарының нақты қорғалуы сот жүйесінің тәуелсіздігімен тікелей байланысты. Жоба аясында сот билігінің дербестігін күшейту, азаматтардың әділ сотқа қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселелері де қамтылған. Бұл-құқық бұзушылықтың алдын алып, заң үстемдігін орнықтырудың кепілі.

Конституциядағы адам құқығына басымдық беру-тек құқықтық өзгеріс емес, қоғамдық сананың жаңғыруы. Азамат өз құқығын сезініп, оны қорғауға ұмтылған кезде ғана шынайы демократиялық сипатқа ие болады. Бұл өз кезегінде азаматтық қоғам институттарының дамуына жол ашады.

Қорытындылай келе, Конституция жобасында адам құқығы мен бостандығына басымдық берілуі-әділетті, құқықтық әрі әлеуметтік мемлекет құру жолындағы маңызды қадам. Бұл бастама азамат пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, ел дамуының жаңа сапалы кезеңіне негіз қалайды.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

МЕРЕКЕ АЯСЫНДАҒЫ НАСИХАТ

Еңбекшіқазақ ауданы.
Есік қаласындағы «Облыстық белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында халықаралық 8 -наурыз әйелдер күніне орай үлкен іс шара ұйымдастырылды. Ақын, жазушы-журналист Шаяхмет Құсайынұлы аналарды құттықтап, “Әжелерім” атты арнау өлеңін оқып, оларға ұзақ өмір тіледі. Бұл іс-шарада ардагерлер ағылшын тілінде қойылым жасап, небір қызықты ойындар ұйымдастырылды. Ән айтып, би билеп, жұмбақ жасыру, мақал-мәтел оқу сияқты іс шаралар жасалды. Сонымен қатар әйелдер қауымы Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын талқылап, әркім өзінің ой-пікірін ортаға салды. Аналар 15 наурызда Референдумға бір кісідей қатысуға ниет білдірді.

Ұйғыр ауданы.
Аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері Е. Нұрсейтов, Р.Сартолова. Б.Қоқымдиев, М.Исмаилов, С.Қапаров, Н.Абрамов және аудандық «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрайымы Н. Байсеркеева мен орынбасары М.Абдуллаева 8 - наурыз халықаралық әйелдер күніне орай аудан орталығы Шонжы ауылында тұрып жатқан тыл ардагерлерінің үйлеріне арнайы барып, тұрмыс жағдайларымен танысып, құттықтап, оларға сый-сияпат жасады. Оларды мерекемен құттықтау отырып, Ата Заңның жаңа жобасы туралы айтып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Тыл ардагерлері референдумды қолдайтындықтарын айтты.

БӘРЕКЕЛДІ

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ АШЫЛДЫ

Талғар ауданында бүгінгі таңда 25 мыңға жуық қазыналы қарт зейнеткер ардагерлеріміз бар. Талғар ауданының ардагерлер ұйымының жанынан “Белсенді ұзақ өмір” атты ардагерлер клубы құрылды.

Ауданының белсенді ел ағасы Жұмағали Кебекбаев ақсақалымыздың ұйытқы болуымен бастау алған клубтың болашағы зор көрінеді. Жақында осы клубтың ашылу салтанаты болды. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Матан Бекбосынов сөз сөйлеп, өзінің батасын беріп, клуб мүшелеріне сәттілік тіледі. Сол сияқты ҚР-ның Құрметті спорт қызметкері, Талғар аудандық денешынықтыру және спортты дамыту орталығының басшысы Жандос Бұсұрманов құттықтау сөз сөйлеп, алдағы уақытта спорттық-патриоттық бағытта бірлесе жұмыс жүргізетінін алға тартты.

Алдағы уақытта қоғамға және жастарға да нағыз керек клуб боларына ел болып сенім артамыз. Өйткені, бұл жерде зейнеткерлер мен егде жастағы азаматтардың денсаулығын нығайтуға, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мол мүмкіндік беріледі. Жалпы алғанда клубтың мақсаты қарт адамдардың өмір сапасын жақсартып, бос уақыттарын пайдалы әрі мазмұнды өткізуіне жағдай жасайды деп сенеміз.

Мөлдір ИСА,
Талғар ауданы.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

АНАЛАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАПЫЛАДЫ

Шелек тарихи өлкетану музейінде халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында «Әйелдер-тіршілік тірегі» деген тақырыпта өткізілген шараға ауылдағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына қатысып жүрген әжелер шақырылып, оларға құрмет көрсетілді.

Сол сияқты музейде еңбек терапиясы секциясына қатысып жүрген шебер қолды әжелер туындыларының көрмесі де ұйымдастырылды. Басқосуда Шелек ауылдық ардагерлер бастауыш ұйым төрағасы Ә. Айтқынов сөйлеп, зейнетке шыққан қарттарға жасалып жатқан әлеуметтік-тұрмыстық, дәрігерлік-оңалту жұмысының жылдан жылға жақсарып келе жатқанына жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар Әбілбек Айтқынов Ата Заңымыздың жаңа жобасында да адам қоғамының басты капиталы, байлығы екендігін атап өтіп, жиналғандарды 15 -наурыз күні өтетін Референдумға қатысуға шақырды.

Ә.Айтқынов қатысушыларды мерекемен құттықтай келе «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» басшылығы атынан әжелерге «Алғыс хат», марапаттар тапсырды. Музей директоры, және орталыққа қатысушы колөнер шебері Жұпар Байбөріқызы еңбек терапиясы секциясына қатысушылардың қол жеткізген жетістіктеріне тоқталды. Облыс әкімдігінің қарттарға жасап отырған қамқорлығына алғысын білдіріп, Ата заң жобасын қолдайтынын айтып, құрбы әжелерді мерекемен құттықтады. Жиын соңында музыка мектебінің оқушылары,мәдениет үйінің өнерпаздары ән айтып,би билеп, күй тартып, қонақтарға жақсы көңіл күй сыйлады.

Өз тілшімізден.

● ТӘЖІК-АУҒАН ОҚИҒАСЫ

Биыл Қазақстан Республикасының жеке құрама атқыштар батальонының Тәжік-Ауған шекарасынан шығарылғанына 25 жыл толды. Осыған орай, өткен аптада Қонаев қаласының Орталық саябағында еске алу іс-шарасы өткізіліп, батырларды ұлықтауға, тарихи жадыны сақтауға және Отан қорғаушылар ұрпақтарының сабақтастығын нығайтуға бағытталды.

ЕЛ ШЕБІН ЕРМІКПЕН ҚОРҒАҒАНДАР

Аталмыш шараға қала өңіріндегі күштік құрылымдардың, әскери бөлімдердің командирлары, ардагер жауынгерлер, әскери қызметшілер мен қалалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері, колледж студенттері мен оқушылар қатысты.

1993-1999 жылдар аралығында еліміздің Жеке құрама атқыштар батальоны Тәжік-Ауған шекарасында жауынгерлік міндеттерін орындады. Сарбаздар ТМД шекарасының оңтүстік шебін, Ауғанстанмен шектесетін ең ауыр және қиын учаскенің тыныштығын күзетті. Олардың басты мақсаты тәжік-ауған шекарасындағы ахуалды ретке келтіру, бұған қоса гуманитарлық көмек тауарларының және босқындардың қауіпсіз жетуін қадағалау, маңызды нысандарды қорғау еді. Батальонның жеке құрамы күрделі әскери-сая-



ескертішке гүл шоқтарын қойып, құрмет көрсетті.

Іс-шарада Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары мен әскери қақтығыс қатысушылары

етудегі тарихи маңызына тоқталып, атап өтті. Сондай-ақ, бейбіт өмір үшін жауапты кезеңдерде ел мүддесін қорғаған ардагерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайтындығын жеткізді.

«Бүгінгі күн-батальон жауынгерлерінің ерлігі мен Отанға адалдығының, әскери борышқа беріктігінің символы. Батальон ардагерлерін тарихи датамен құттықтаймын. Жауынгерлік қызметтен аман-есен оралған сіздер бүгінгі таңда қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, мектеп оқушылары мен студенттер арасында әскери патриоттық шараларды жиі өткізіп, жастарды салауаттылыққа, елін қорғауға тәрбиелеуге өз үлестеріңізді қосып келесіздер», деді Қонаев қаласы мен Алматы облысы бойынша Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары мен әскери қақтығыс қатысушылары мен ардагерлер Одағы республикалық қоғамдық ұйымы филиалының төрағасы Серік Сәрсенбаев өз құттықтауында.

Жиын барысында арнайы бұйрық оқылып, Отан алдындағы адал қызметі мен елге сіңірген ерен еңбектері үшін ардагерлерге Алғыс хаттар және мерекелік медальдар табысталды. Салтанатты шара патриоттық әндерге ұласқан концерттік бағдарламамен қорытыланды.

Заңғар АЛТАЙ.



си жағдайда аса жауапты қызмет атқарып, ерлік, жоғары кәсібилік және Отанға адалдықтың үлгісін көрсетті.

Ең жойқын қақтығыс 1995 жылы Памир тауларындағы Пшихавр шатқалында болды. Сол жерде содырлармен болған атыста 17 қазақстандық жігіт қаза тауып, 33-і түрлі жарақат алған болатын. Жиылған жұрт қаза тапқан сарбаздарды бір минут үнсіздікпен еске алып, тәжік-ауған шекарасында қызмет атқарған сарбаздарға арналған

мен ардагерлер Одағы республикалық бірлестігінің төрағасы Мұрат Мұхамеджанов сөз сөйлеп, жауынгерлердің әскери борыштарын абыроймен орындағандарын атап өтті.

Одан кейін салтанатты шара қалалық мәдениет үйінде жалғасты. Іс-шараның ашылуында 32363 әскери бөлімі командирінің орынбасары, гвардия подполковнигі Дархан Женсікбаев құттықтау сөз сөйлеп, Тәжік-Ауған шекарасындағы әскери қызметтің ел қауіпсіздігін қамтамасыз

● КЕШЕГІ КҮННІҢ АДАМДАРЫ

Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды

Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Ананың алақаны – біз үшін ең жылы ұя. Ақын жырлағандай, ананың енбегі зор.

Әр баласын жетелеп, жеткізген, жасы тоқсанға келсе де ақылын айтып, сүрінсе демеп жүрген аналарымыз көптеп саналады. Сондай аналардың бірі – осы жылы наурызда 90 жасқа келген Аршидинова Мехирбанәм Аршидинқызы. Әкесі мен шешесінің 6 баласы болған. Әкесі колхозда бригадир болып істеген. Анасы Хенипәм он саусағынан өнер тамған, дәмді тамақ пісірген аспаз болған. Мехирбанәм апаның анасы Хенипәм өзінің 6 баласымен бірге әкесінің екі баласын, сіңлісінің екі баласын өзінің балаларынан артық көріп, жетімсіретпей, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоктырмай өсірді. 6 баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоктырмай өсірген ата-ана үлгісін сөз арасында әңгімелеп берді. Сол кездегі колхозда таңның атысы, күннің баты-

Екеуі 67 жыл бірге шай деспей өмір сүрді. 7 баланы өмірге әкеліп, 18 немере, 35 шөбере көрген.

“Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды” деп, ақын жырлағандай өзінің 67 жастағы баласы анамызға әлі күнге дейін еркелеп, еркеліктері басылмай жүр.

Мусажан әкеміз бен анамыз 67 жастағы баласына жоғары білім әперіп, әр қайсысына өмірге деген жолдамаларын қолдарына ұстатты.

Ең үлкен тұңғышы Гүлбания үлкен бір мекемеде істеді. Гүлбостан жолаушылар тасымалдау мекемесінде, қызы Зайтуням балабақшада, мектепте істесе, ұлы Минавар ішкі істер бөлімінде еселі еңбек етіп, қазір демалыста. Қызы Айтуням аудандық атқару комитетінде жұмыс істеген, қазір аудандағы іскер әйелдер кеңесін басқарады, қайырымдылық қор жетекшісі. Ұлдың кенжесі Мунаждин құс фабрикасында жұмыс істейді. Нуржаням анасы сияқты дәмді тамақ пісіруші аспаз, қолынан дәмді



сына дейін демалыссыз еңбек еткен жандарды бүгінгі үлгі етіп отырады.

Ұлы отан соғысы басталғанда 5 жастағы Мехирбанәм анамыз анасымен бірге “Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!” деген ұранмен қалай жұмыс істегенін бүгінгі ұрпаққа кездескен кезде өте керемет әсермен әңгімелеп береді. Түске дейін мектепте оқу оқып, түстен кейін егіс даласында масақ теріп, кешкісін май шамның жарығымен аналардың соғыста жүрген майдангер жауангерлерге байпақ тоқығанын, кейде аш, кейде тоқ жүргендерін терең толқыныста айтып отырады.

Еселі еңбекпен шындалған, қиыншылықты көп көрген анамыз Мусажан акамен қол ұстасып, отау құрды.

ас дайындаушы 90 жасқа келген анамыз – бүгінгі ұрпаққа үлгі, болашаққа ұрпаққа айтары көп. 90 жасқа келген анамыздың келіндері-әр ұлттың өкілдері. Сол келіндердің барлығының тілін тауып отыр. Өз халқының салт-дәстүрлерін үнемі үйретіп ақыл-кеңесін айтып отырады.

Демалысқа шыққанға дейін аспаз, мектепте жұмысшы, ветстанцияда еселі еңбек еткен анамыз сол еңбектің арқасында тың, әлі күнге дейін үйде де қамсыз отырған жоқ. Әр күнінде балаларының, немере, шөбере тілеуін тілеген тілекші.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

● ЕСТЕН КЕТПЕС СОЛ БІР КЕЗ

Қонаевтың шаранаты тиген еді

Әскерге барған жастар арасында ара-тұра әлімжеттік жағдай (дедовщина) болып тұрады. Кәдімгі зауыт сияқты, теңізде жүзіп жүріп кемелерге жөндей жүргізетін кемеді азаматтық борышымды өтеп жүрген едім. Біздің жанымызда құтқарушы кемелер (Спасательное судно, СС-1) орналасқан, «Памир», «Алдан» деген сияқты тағы он сегіз кеме. Осы кемелер тұрған гарнизонға қарама-қарсы Кольский шығанағында Мурманск порты көрініп тұрады. Жолаушыларды тасымалдайтын, балық аулайтын кемелердің арасында үлкен мұзжарғыш кеме – Ленин де тұратын еді...

Бір күні шығанақты жағалап штабқа келе жатыр едім, алдымнан әскери теңізші киімін киген бір жігіт көрінді. Маған жақындап қалғанда тоқтады да: «Сен қазақсың ба?» деп сұрады. «Иә» дедім мен. Содан ол мені құшақтап, көзіне жас алып: «Өз қазағымды көретін күнім бар екен ғой» деп қуанышын білдірді. Өзімнің атымды айттым. Ол да өзін Ержан деп таныстырды. «Кешке біздің кемеге кел, асықпай отырып әңгімелесейік» дедім.

Айтқандай, кешке қарай келді. Шәй ішіп отырып біраз шүйірлестік. Алматыдан екен, құтқарушы кемеге жақында келіпті. Бұдан бұрын келгендер жаңадан келген

Ержанды кемсітіп, ұлтына тиісіп, келемеждеп тұрады екен. «Кемедегілердің бәрін тәртіпке шақыра алмаймын, бірақ екеу-үшеуімен оңаша сөйлесіп, сені сыйлайтындай етейін» дедім.

Келесі сенбі күні теңіз жағалауындағы төбе үстіндегі БМК-да (Базовый матросский клуб) дискотека болды. Өзіме жақын орыс достарым – Федор Морозов, Юра Баринов, Гена Радионова жағдайды түсіндіріп, биден қайтқанда жағалауға түсетін баспалдақтардың астында тұрдық. Ержанды келемеждеп жүрген Володя деген теңізшіні шақырып алып, баспалдақтың астында сөйлестік. Басқалары бірден сезді ме, көрінбеді.

Володяны соққыға алмақшы болып едік, ол Ержаннан кешірім сұрап, ортамызда айналып қашқактай берді. «Әзілді түсінбейсің бе. Біз әзілдеген едік қой» деді. Содан Гена Радионов маған «Володяны соққыға алмай-ақ қояйық, одан да қалтасындағы ақшасын шығарып, дастархан жайдырып татуластырайық. Біз ұрамыз, кетеміз. Ержан осылармен кемеді бірге болады. Бір өзі қалғасын бұлардың не істейтіндерін кім біледі» деді. Сөйтіп ақылға келдік. Екеуін жақсылап татуластырдық.

Ертеңіне Ержан келді. Көңілі көтеріңкі. Қасындағылар бұрынғыдай емес, бәрі «жерлес, досым, бауырым» дейтін болыпты.

Арада тағы төрт-бес күн өткенде бүкіл Солтүстік әскери флоты бойынша бірінші дәрежедегі дабыл жарияланды. Крейсерлер, суасты кемелері, ядролық қарулары бар кемелер, теңізде қонатын кеме-ұшақтар, құрғақтағы әскери бөлімшелер – бәрі сақадай сай тұрды. Дүниежүзілік соғыс басталатын жағдайдағы тәртіп орнатылды. Не болып қалғанын түсінбедік.

Ертеңіне Ержан келді. Ол менімен кездесуден бұрын КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа көріп жүрген қыспақ-қорлықтары жайында хат жазған екен. Сол себепті дабыл жарияланып, Солтүстік әскері теңіз флотының қолбасшысы, адмирал Семен Михайлович Лобов құтқарушы кемелер гарнизонына келіп, кеме командирлерін, олардың орынбасарларын екі сағат аяғынан тік тұрғызып, саяси тәрбие жөнінде лекция оқыпты. Адмирал кеткесін кемелер бригадасының командирі Ержанмен сөйлесіп, өзіне көлігін жүргізуші және жәрдемші етіп алыпты. Жатағын орны кемеді емес, штабта, бір бөлме босатып беріпті. Офицерлер асханасында тамақтанатын болыпты. Бұл ғана емес, Д.А.Қонаев оны әскери борышын өтеп болғасын, елге келген соң, қабылдауында күтетінін айтып тапсырыпты.

Қонаев өз елінің азаматтарын, қазақ балаларын қорлыққа бермейтінін адмирал, генералдар түсінген шығар, бригада командирі, бірінші рангтегі капитан маған да ұсыныс жасады. «Сен гидромелиорация техникумын бітірген екенсің, қолбасшы адмиралға өз мамандығым бойынша қызмет беріңіз деп өтініш жаз. Бірақ, мелиорация дегенді қоспай, гидротехникум бітірдім деп жаз. Гидроакустик керек деп біз де хат жазамыз. Мамандығың сәйкес келеді, сені бізге жіберер. Бізге келсең, бүкіл әлемдегі елдерді көресің. Біздер құтқарушы болған соң, Тынық мұхиты, Атлант мұхиты, барлық теңізде жүзіп жүре береміз» деді. Онымен келістім де, адмиралға хат жаздым.

Кейіннен, менің командирім «Неге қолбасшыға хат жолдадың, бұл мәселені біз өзіміз де шешетін едік қой» деп, мені әскери инженер қызметіне ауыстырды. Жалақым офицерлердікімен бірдей, еркін жүріп-тұратын, құпия нысандарды құрушы әскери инженер болдым.

Осы күнде Ержанның қайда екенін білмеймін. Алматы облысының бір жерінде жүріп жатқан шығар. Екеуімізге Қонаевтың шаранаты тигені ұмыта қоймаған болар деймін.

Марат ҚОБЛАНОВ.

● ТАРИХТА АТЫ ҚАЛҒАН

ЕРЛІККЕ ПАРА-ПАР ҒҰМЫР

Ұлы Жібек жолының бойына, тоғыз жолдың торабына орналасқан бұрында-ры Шілік деп құжаттарға жазылған, қазір Шелек деп аталатын елді мекеннің тарихы көне замандардан басталады. Олай дейтіміз, Мухамед Дулатидың бір еңбегінде Шілік атауы екі рет жазылып аталған. Ал, қазақ халқының білімдар ұлы Шоқан Уалиханов 1856 жылдың мамыр айында Қашқарға бара жатқан сапарында Қорам, Сөгеті, Бұғыты, Қаратұрық, Шіліктіні аралағанын, осы жердің тұмса табиғатын көріп, сүйсініп ол жайлы өз еңбегінде қызықты жазбалар қалдырған.

Бұл жерді мекендеген ел өзінді Шілік деп, ал қонысты Қоянды деп атаған екен. 1860 жылдан орыстың қара шекпенділері келіп қоныстана бастағаннан оны Зайцеваға ауыстырған.

Осының барлығын егжей-тегжейлі жазып отырғаным осы ауылда 1903 жылы салынған сәулет өнерінің туындысы десе болғандай тарихи ғимарат бар. 2008-2009 жылдары қайта жөндеуден өткізілгеннен кейін осы

аралықта (және одан кейін еліміз егемендік алған жылдарға дейін де) өмір сүріп, еңбек еткен адамдардың көпшілігінің ғұмыры ерлікке пара-пар екен-ау. Киерге киімі, ішерге асы тапшы болса да тәубесінен айырылмады. Небір нәубет пен зұлматты бастан өткізсе де рухы түспеді. Бастарына қара бұлт төнсе де жігерлері мұқалмаған, жасымаған, неткен шымболаттай мықты десеңші. Осындай азапты өмірдің өзінде болашаққа деген сенімін



ғимаратқа тарихи-өлкетану мұражайы орналасқан. Муза сарайы деген атауына сай. Мұнда көне жәдігерлер, мәдени-материалдық құндылықтар, экономика, мәдениетке және еңбегімен, ерлігімен даңққа бөленген көрнекті қайраткерлердің өміріне қатысты мол материалдар жинақталған. Шелек тарихи-өлкетану музейінің әр залының өзіндік тарихы, атауы бар. Ежелгі замандардың көне жәдігерлерінен бастап «Ерлік», «Еңбек даңқы» залдарында тұрған стенділерге ілінген фотосуреттерде бейнеленген әрбір жан өткен өмір шежіресін айтып, сенімен тілдескендей болады.

Мен зейнет демалысына шыққаннан кейін аудан әкімдігінің ұсынысы бойынша осы мұражайда тоғыз жылдай қызмет атқаруыма тура келді. Немерелерім мұндағы экспозицияларды, сирек кездесетін жәдігерлерді көріп таң-тамаша қалатын. Үйде мұражайдан алған әсерлері туралы әңгімелерін тыңдап, көрген, білгендерінен көкіректеріне тәрбиелік із қалдырғанына қуанатынымын.

Иә, музейге үлкен де, кіші де келеді. Оны қызықтап, аралап жүргендердің кейбіреулері: «Бұл суреттегі адам кім? Шелек аймағына қандай еңбек сіңірген?» – деген секілді сұрақтар қойып жатады. Сондықтан жұмыс барысында архивті актарасың, көне-көз қариялармен әңгімелесіп, дерек іздейсің. Сонау 1920 жылдан 1960 жылға дейінгі

жоғалтпай, арман отын сөндірмеді. Міне, мұзайеде суреті ілулі тұрған сондай қайсар жандардың бірі - Руфина Даниловна. Ол Украинада дүниеге келген. 1930 жылы Петроград қаласында университет бітіріп, дәрігер дипломын алған соң үлкен шаһардағы жайлы орнын тастап Қазақстанға, Шілік аудандық ауруханасының (ол жылдары қазіргі Шелек ресми құжаттарда Шілік деп жазылып, Шілік деп айтылатын) емдеу бөліміне менгеруші болып тағайындалады. Танымаған ел, білмейтін шалғай жер. Оның үстіне ол кездегі ахуалды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Жаңадан аудан орталығы болған Шілікте басқа жерден көп өзгешелігі жоқ-тын. Қоңырақай тіршілік. Аурухана деген аты болмаса екі-үш медбике, бір-екі фельдшерлерден басқа қызметкерлер болмады. Медициналық құрал-жабдық деген атымен жоқ. Аурухана ғимараты да жадағай, қазіргі біздің фельдшерлік пункттеріміздің өзі оның жанында кең сарайдай. Осының барлығын көрген жас дәрігер қыздың еңсесі түспеді. Жоктан бар жасап, қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, жұмысқа бар ынтасымен кірісті. Университет қабырғасында алған білімін әріптестерінің тәжірибесімен толықтырып, емдеу ісін біршама жолға қойды. Тумасынан ақкөңіл, мінезі қарапайым Руфина жергілікті тұрғындармен қоян-қолтық араласып тез тіл тауып кетті. Мұның өзі қазақ тілін жылдам

менгеруіне септігін тигізді. «Сонау Ресейден жоғары білімді дәрігер келіпті, қолы шипалы екен», – деген сияқты жақсы сөз аймақ жұртшылығына тез тарады. Оған сенім артып, келушілер саны да өсті.

1931 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасындағы басшылар Шілікті ауруханасының жұмысы жолға қойыла бастағанын, әрі Руфина Даниловна Данилевскаяның іскерлігін, біліктілігін ұйымдастырушылық қабілетін ескерді ме, оны Жамбыл ауданының Қарақастек ауылындағы емдеу орнына басшылық жасауға жібереді. Әрине, Шілікте жаңа ортаға енді-енді бойы үйреніп, до-с-құрбы тауып, сеніп тапсырылған учаскедегі жұмысты енді игере бастағанда басқа жаққа ауысу оған оңай соқпады. Алайда, Петроградтан не үшін, не мақсатпен қазақ жеріне, еліне келгені ойына түсіп, бұл қызметтен бас тартпады. Қарақастек ауылындағы шағын аурухана жұмысы да бір жағына қисайып, мүшкіл халде болып шықты. Дәрігер жетіспей, оған қоса құрал-жабдық атымен жоқ болғандықтан мұнда да жұмыс шаш етекпен болып шықты. Әсіресе, ана мен бала денсаулығының жағдайы мүлде көңілін көншітпеді. Үйінде, алыстағы қыстауда, тағы басқа жерлерде қолдан босанып, қиыншылыққа тап болып, соңы қайғылы жағдайға ұрынып жатқанын көзбен көргенде жаны күйзелді. Сондықтан ауруханадағы қарбаластан сәл қолы босай қалса артель жетекшілеріне өтініш жасап жазда жайлауға жол бастаушы алып, қыста тонға оранып шаңамен қыр жайлаған малшы ауылдарды аралады.

Әйелдер мен жас балалардың денсаулығын тексеріп, оларға ақыл кеңесін айтып, ем-домын жасап тыным таппады. Жанқиярлығы нәтижесіз кетпеді. Тек Қарақастектен ғана емес, көрші ауылдардан да аурудан жаны жай таппағандар Руфинаны іздеп келетін болды. Мейірбан, алдына келгеннің бетін қайтармайтын, көңілін қалдырмайтын дәрігер қызға алғашқыдай емес сенім көрсетіп жылы қабылдай бастады.

Токтаусыз өткен уақыт. 1936 жылы облыс денсаулық сақтау басшылары Шілікті аудандық ауруханасында қалыптасқан ауыр жағдайды, әрі мұндағы кадр тапшылығын ескерді ме Руфинаны қайтадан алғашқы еңбек жолын бастаған ауылға қайтарды. Аурухананың әйелдер босанатын бөліміне менгеруші етіп бекітті. Шіліктіктер Руфинаға ежелгі танысындай, ет-жақын туысындай құшақтарын ашты. Бұл кезде оның да тәжірибесі толығын түскен-ді. Тек гинекология саласында ғана емес ол медицинаның барлық саласынан толыққанды хабары да, білімі де, тәжірибесі де бар қазіргі тілмен айтқанда, жалпы тәжірибеде дәрігер есебінде қалыптаса бастаған білікті маман болатын. Қазір ойша есептеп көрсек, Шілік өңірінде тек 1936-1950 жылдары аралығында дүниеге келген сәбилердің көпшілігінің кіндігін осы қаршадай ғана өз ісіне шынайы берілген дәрігер қыз кесіпті. Осыны сол жылдары дүниеге есігін ашқан жандар біле ме екен? 1941 жылдың жаз айы. Ел шетіне жау тиді.

Миллиондаған жанның өмірін жалмаған Ұлы Отан соғысы басталды. Руфина Данилевская да азаматтармен қатар әскери бөлімге барып, өтініш жазып, майданға сұранды. Олардың жауабы қысқа болды: «Дәрігерлер тылға, ауылға да керек», – деп шығарып салды. Дәрігер жігіттерден, бір-екісін майдан госпиталіне жіберді. Мұнда да ауыртпалық әйелдерге түсті. Руфинаға көп өтпей тағы қосымша міндет, жауапкершілік жүктеліп ол аудандық ауруханаға басшы болып тағайындалды. Бас тартатын мүмкіндік болмады. Жағдайды көріп тұр. Жылдар өте жылдам есейтіп, өмір қазанында қайнап піскен, іске ілкімді басшылар алдында ойын ірікпей айтатын Руфина аурухана жұмысын жақсартуға бар күшін аямады. Әр қызметкерге талап та қоя білетін. Әрқайсының басына қиыншылық түсе қалса қамқорлықтан шет қалдырмай жағдайына қарайласатын басшы ұжымда ғана емес аудан жұртшылығы алдында өзіндік зор беделге ие болды. Руфина Даниловна Данилевскаяның осындай ерен еңбегі лайықты бағаланды. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы «Ерлік еңбегі үшін» медалімен және «Қазақ ССР денсаулық сақтау ісінің озаты» төс белгісімен марапатталған. Сол сияқты «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген дәрігері» құрметті атағы беріліп, 1955 жылы Руфина Даниловна Данилевская № 33 Шілік сайлау округі еңбекшілерінің ұсынуы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланған.

Көңілде жүрген тағы бір ойды ірікп қалсам болмас. Руфина сонау Ресейден танымаған ортаға салт-дәстүрі бөлек елге келіп, қазақ тілін үйреніп, елге танымал, әрі қадірлі дәрігер бола білді. Гинеколог ретінде 1935-1955 жылдар аралығында талай-талай сәбилердің, аналардың өмірін сақтап, періште сәбилердің кіндік шешесі атанды. Бүгіндері осы буын өкілдері Данилевскаяны біле ме екен? Шелектіктерден сұрастырсам, олардың көпшілігі бұдан бейхабар. Әкініштісі осы.

Руфинаның немересі бар екен. Жақында Алматы қаласынан келіпті. Мұражайда болып әжесінің көрнекті жерге ілінген суретін, стелаждағы құжаттарын көріп қуаныш жасын төгіпті. Ризашылығын білдіріпті. Енді Шелекке жиі келіп тұрамын депті. Әттен, өмір-ай.

Көрнекті тұлғалардың атак, даңққа бөленіп, ұрпаққа қалдыратыны - тек оны есте сақтау аманаты ғана. Ендеше Шелек жерінде ерен еңбегімен, үлгілі ісімен танылған Руфина Данилевскаяның атын ұлықтап ең болмаса аурухана ғимаратының көрнекті бір жеріне ескерткіш тақта қойылса ұлттық ғұрпымыздың, өмірден өткен жанға деген құрметіміздің, әрі халықтар арасындағы достық пен ынтымақтың бір белгісі болар еді-ау. Ерге құрмет-елге құрмет. Басшылар да, басқалар да ойланар. Еске алар.

Р.Д.Данилевская суреті музейдегі стендінің жоғарғы қатарында бірінші болып ілінген. Жанары шоқтай жайнаған ол мейірбан қалпымен бізге қарап тұрғандай.

Ә. АЙТАҚЫНОВ,
Алматы облысының «Құрметті ардагері»,
Шелек ауылдық ардагерлер
алқасының төрағасы.

● СЕЛЬСКИЕ ИСТОРИИ

СУДЬБА, ЗАКАЛЕННАЯ ВРЕМЕНЕМ.

Второй рассказ из цикла «Женщины села Жана-Арна» о моей односельчанке Мамедовой. Марьям родилась в 1945 году в Китае, в семье полевода. С ранних лет девочка познала цену тяжелому труду на земле. Окончила 6 классов уйгурской школы, проявив тягу к знаниям и уважение к традициям своего народа.

В 1960-е годы отношения между Китаем и СССР стали ухудшаться, из-за разногласий по курсу коммунистического строительства, КНР обвинила советское правительство в «ревизионизме», предательстве марксизма и т.д. Политика «Большого скачка» Мао Цзэдуна, предполагающая на 90 процентов аграрную страну быстро преобразить в индустриальную, плюс природные катаклизмы (наводнения, засуха) привели к голоду в Восточном Китае и спаду в экономике. Это послужило толчком к массовому переселению казахов, уйгуров и других народов в Казахскую ССР, в Семиречье и Восточный Казахстан. Именно в эти годы Мамедовы оказались тут. Первой остановкой стал город Жаркент, затем переселенцев распределяли в другие населенные пункты даль-

ше от границы. Через село Сарьозек их довели до Николаевки «и конечным пунктом стало маленькое отделение Жана Арна. Марьям рассказывает, как радушно встречали их местные жители. Переселенцам затопили баню, накормили, выделили для временного проживания сельский клуб. Через какое-то время предоставили постоянное жилье. Эти добрые отношения моя собеседница с благодарностью вспоминает и сегодня. Затем нашли и работу, благо тут её было с лихвой: хоть в животноводстве, хоть в полеводстве. Марьям с сестрой выращивала на совхозных полях свеклу, арбузы, трудилась на других участках хозяйства. Она отличалась трудолюбием, ответственностью за порученное дело, самоотдачей. Перед



выходом на заслуженный отдых она успела поработать охранныком на комплексе, и тут её уважали коллеги и руководство. Супруг Марьям, Ахмет, тоже «не белоручка», возил на автомашине воду по чабанским точкам, другие грузы по разным объектам. Их сов-

местная жизнь – пример крепкого союза, основанного на доверии и уважении. Они вырастили 9 детей (5 сыновей и 4 дочери) Сполна хлебнули горя, потеряв троих сыновей, но выдержали, сохранили веру и ценность жизни! Сейчас Ахмета уже, к сожалению, нет, но род

его продолжают оставшиеся дети, 24 внука и 15 правнуков! Дети трудились в разных сферах: на Капшагайском фарфоровом заводе (в бытность его функционирования), на молочных фермах и т.д., достойно продолжая трудовые традиции родителей.

Ну а Мариям Муслимовне есть ещё чем заниматься. Внукам и правнукам она прививает любовь к родине, к казахской земле, приоткрывает им много лет назад, отмечает важность уважения к старшим и честного труда. Несмотря на почтенный возраст, остаётся всё ещё активной и энергичной. Ухаживает за садом, многочисленными цветами. Навещает детей, сама любит встречать гостей. Её дом наполнен теплом, заботой и светом. Жизненный путь Марьям Муслимовны достоин подражания. Такие люди – гордость нашего края, пример стойкости, трудолюбия и настоящего патриотизма.

Несмотря на свои 80 лет Марьям Муслимовна еще активна и жизнелюбива. Так держат!

Галина ИГИБАЕВА,
жительница
микрорайона Жана-Арна
города Алатау

● БАЛАЛЫҚТАН ДАНАЛЫҚҚА

1962 жыл... Қоңыр күздің иісі аңқыған ауыл. Мектептің кіреберісіндегі қара пешке от жағылып, сынып іші жылынып тұратын. Терезеден түскен бозғылт жарық, ағаш парталар, бордың иісі... Сол қарапайым ғана ауыл мектебі біз үшін тұтас әлем еді. Біз сол әлемге кішкентай жүреппен, үлкен үмітпен қадам бастық.

Жүрекке жазылған жылдар

Алғаш қолымызға әліппе ұстатып, әріп танытқан Жәлел ағай, Батихан, Зоя апайлар өмір жолымыздың алғашқы шамшырақтары болды. Әр әріп бізге жаңа әлем ашқандай әсер ететін. «А» деген әріптен басталған сол сапарымыз бізді үлкен өмірге алып шықты.

Қазақ тілі мен әдебиеттен Күләш апай мен Оразхан ағай сөздің құдіретін ұқтырды. Әдебиеттің әр жолын оқығанда, жүрегіміз дір етіп, кейіпкерлермен бірге күліп, бірге мұңайдық. Ескі интернатта оқыған күндеріміз нағыз достықтың мектебі еді. Қорабаев Табыс, Жаныс және басқа да сыншыл-тастарыммен бөліскен бір үзім нан, бір күлкі бүгін алтын естелікке айналды.

Бишан апай биология сабағында табиғаттың тылсымын үйретіп қана қоймай, сумкасынан конфет не құрт алып, өзі жеп тұрып сабақ беретін шақтары балалық көңілімізді көтеретін. Каникул сайын Жаргасқа экскурсияға шығатынбыз. Тасқа отырып, аспанға қарап, болашақ туралы армандайтынбыз. Сол армандардың кейбірі орындалды, кейбірі жүрекке қалды.

Рашид Назарович ағай орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ол кісінің даусы салмақты, сөзі терең еді. Диктант, шығарма, мазмұндама жазғанда маған тексертікізіп, бағаны өзі қоятын. «Кіріп» газеттерін, сынып журналдарын толтырып, жауапкершілікті ерте сезіндім. Рашид Назарович әкемнен бірге майданда болған, соғыстың от-жалынын көрген жан еді. Үйге жиі келетін. Сабақ үстінде соғыстағы ауыр күндерді әңгімелеп бергенде, біз үнсіз тындайтынбыз. Ол әңгімелер бізге бейбіт өмірдің бағасын, туған жердің қадірін түсіндірді.

Махай ағайдың ән сабағында мектеп іші әуенге толатын. Жұмаш ағай физиканың заңдылықтарын өмірмен байланыстырып түсіндіретін. Әбдісүлейманов Шоғанбай ағай химиядан тәжірибе жасап, таңғалдырған сәттер әлі көз алдымда. Төлөнді ағай дене шынықтырудан сабақ беріп, ерік-жігерімізді тәрбиеледі. Ырғынбаев пен Тоғызбай ағайлар математиканың қатаң заңымен ойымызды ұштады. Алағөзов ағай аспан әлемін таныстырып, жұлдыздарға қарауды үйретті. Шырын апай мен Шындалиев Айтбай француз тілінің әсем әуезін сездірді. Абай ағай қоғамтанудан бағыт беріп, Нұрмақ ағай тарихты кітаптан оқытып, өткенді құрметтеуге баулыды. Ізбасар ағай зоология сабағында крокодил адам жейді ме сияқты біз қойған балалық сұрақтарға жымиып жауап беретін. Матан ағай трактор мен машинатану сабағында еңбектің қадірін ұқтырды.

Уақыт зымырап өтті. Бала кезімізде үлкен болып көрінген ұстаздарымыз бүгінде сағынышқа айналды. Ал өзіміз сол кезде арман қуған балалар едік, бүгін дана жасқа жеттік. Өмір бізді әр жаққа таратып жіберсе де, жүрегіміздің бір бұрышында сол мектептің пеші жылуын сақтап тұр.

Балалық біздің ең таза, ең шынайы кезеңіміз еді. Оттай жалындаған жастық шағымыз. Ал бүгінгі даналық – сол жылдардың жемісі. Біз өткен жолымызға ризашылықпен қарай аламыз, себебі ол жол бізді шыңдады, тәрбиеледі, адам етті.

Еске алу – өткенді тірілту емес, жүрекке сақтау. Бақытты балалық шақ үшін тағдырға алғыс. Ұстаздарымызға тағзым. Достығымызға құрмет.

Алдағы күндеріміз жарық болсын. Деніміз сау, басымыз аман, бауырымыз бүгін болсын. Береке мен бірлік серігіміз болып, өмірдің әр таңы үмітпен атсын. Сол бір балалық күндегі алаңсыз күлкіміз жүрегімізде мәңгі жаңғырып тұрсын.

Светлана ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

ТУБЕРКУЛЕЗ ТУРАЛЫ НЕ БИЛУ КЕРЕК?

Туберкулез – ежелгі жұқпалы аурулардың бірі. Роберт Кох 1882 жылы туберкулез қоздырғышын ашты және бұл жұқпалы ауру екенін дәлелдеді. XX ғасырға дейін туберкулез іс жүзінде емделмейтін болған. Туберкулез әлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі. Микроскоп астындағы туберкулез микробы қатты ұлғайған кезде кішкентай таяқша тәрізді болып көрінеді, сондықтан туберкулез таяқша деп аталады.

Туберкулез дегеніміз не?
Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез – бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының – сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

Туберкулез қалайша тарайды?
Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерінде болуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ор-

тада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршен болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.
Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы ер жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитетін ашар жас балалар, жаныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен карт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

● МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ

САТАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесіне қойылатын талап күн санап артып келеді. Мектептің даму бағыты, ұстаз еңбегінің нәтижелілігі, оқушы жетістігінің сапасы барлығы да жүйелі басқару мен тиімді ұйымдастырылған ішкі бақылауға тікелей байланысты. Осы мақсатта жуырда «С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылауды жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру жолдары» тақырыбында тәжірибелік семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Мазмұнды іс-шара білім беру ұйымдарының басшыларын ортақ алаңға жинап, мектепшілік бақылаудың маңызы мен мәнін



жаңаша қырынан зерделеуге мүмкіндік берді. Семинар жұмысын мектеп-гимназия директоры Үмбетжанова Жазира Дүйсенбайқызы ашып, бүгінгі білім кеңістігіндегі басқару жүйесінің рөліне тоқталды. Сонымен қатар тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Молдахынов Дулат Тұрсынқожаұлы, Әбжанбаев Қызыр Байбалаұлы, оқу ісі жөніндегі орынбасарлар Мұқаева Жадыра Мышанқызы мен Құрақбаева Әсем Рахымқызы, сондай-ақ, мектеп ұстаздары өз бағыттары бойынша тәжірибелік ақпаратпен бөлісіп,

● ЖАҢА КӘРІЗ-ТАЗАРТУ ЖҮЙЕСІ

Құрылыс басталды

Облыс орталығы Қонаев қаласында ондаған жылдардан бері шешімін таппай келе жатқан өзекті және күрделі мәселелердің бірі-кәріз-тазарту станциясы еді. Ол 1968 жылы пайдалануға берілгендіктен одан тарайтын жағымсыз иіс қолқаны қауып, айналаға жайсыз жағдай тудырып келді. Басты себебі, станцияның 90 пайыздан астамы, ал ұзындығы 172 шақырым кәріз желілерінің 80 пайыздан астамының тозығының жетуі. Осынау қордаланған күрделі мәселені түбегейлі шешу үшін жаңа кәріз-тазарту жүйесінің құрылысын салу басталды.

«Алматы облысы Қонаев қаласындағы кәріздік тазарту құрылыстарының құрылысы» өңірдің стратегиялық экологиялық жобаларының бірі болып табылады. Аталған нысан қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға және инженерлік инфрақұрылымды заманауи талаптарға сай дамытуға бағытталған.

Құрылысқа тапсырыс беруші-Алматы облысының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы. Жоба мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында жүзеге аспақ. Әріптес компания-«Daur Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Нысанның құрылысы 2027 жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

“Бұл қала тұрғындарының көптен күткен жобасы болатын. Кәріз жүйесін жаңадан салу мәселесі 2010 жылы анықталған еді. 2015 жылы Үкімет тарапынан техникалық-экономикалық негіздері дайындалып, Беларусь технологиясы қолданылып салынатындығы анықталған еді. 2016 жылы ол мемлекеттік сараптамадан өтіп, жалпы құны 5,6 млрд теңге болған. Кейін Қазақстан бойынша кәріз тазарту жүйелерінің құрылыстарын салуға 7 жылға мараторий жарияланып, ол жеті жылға созылды.

Екі арада құжаттама ескіріп, елімізде қаражат тапшылығы туындады.

Кәріз-тазарту құрылыстарын қайта құру және құрылысы бойынша жаңа жобалар үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге мораторийдің күші жойылуына байланысты осы нысандарға жаңғырту мен құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеу жұмыстары қайта жандандырылды.Бұл мәселені шешу үшін қаржыландырудың баламалы көздері талданды, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тәсілімен салу жөнінде облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев конкурскқа қойды.

Конкурскқа қатысып, 2023 жылдың 23 қарашасында ұтып алдық. Жоба жеті жылға арналған. Оның екі жылы құрылыстарын жүргізуге, 5 жылы эксплуатация жасауға келісім-шартқа отырдық. Бүгінгі таңда жоба құны - 33 млрд 159 млн теңгені құрап отыр. Жоба әдістемесі бойынша 20 пайызын біздің компания, 20 пайызын мемлекет, қалған 60 пайызын банктерден кредит алып отырмыз. Жоба қымбат деп айтып жатыр. Оны естіп те жатырмыз. Қымбат болуының басты себебі, станция ескі орнынан 18,5 шақырым қашықтыққа орналасады. Оған

2 желілік кәріз, электр, газ жүйелерінің желілерін тартуға жоба бойынша 12,8 млрд теңге қарастырылған.

Жаңа кәріз-тазарту жүйесі 215 гектар аумақта салынады. Оның қуаттылығы тәулігіне 25 мың текше метрден астам суды сүзгіден өткізуге мүмкіндік береді. Су жинақтайтын 156 гектар аумағындағы тоғандарда қыстай



5,5 млн текше метр тазаланған су толтырылғаннан кейін, оны ауыл шаруашылығына пайдалану жоспарлану отыр. Яғни жоңышқа, күнбағыс, басқа да дақылдарды өсіруге мүмкіндік бермек, -деді жоба жетекшісі Бағлан Тәнекенов.

Жобаның құрылыс кезеңінде техникалық қадағалау қызметін «Veritas Engineering» ЖШС жүзеге асырады. Компания тарапынан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы, жобалық-сметалық құжаттамаға толық сәйкестігі және қолданыстағы құрылыс нормалары мен техникалық талаптардың сақталуына компания директоры Асхат Оралбекұлы, техникалық директор Жарас

мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыру жолдарын ортаға салды.

Семинар барысында мектепшілік бақылауды жүйелі жоспарлау, нақты мақсат қою, бақылау нәтижелерін талдау және басқарушылық шешімдер қабылдау мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар бақылауды тексеру немесе кемшілік іздеу құралы ретінде емес, педагогикалық үдерісті жетілдіруге бағытталған дамытушы механизм ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті. Бақылау нәтижесін дер кезінде саралап, кері байланысты тиімді ұйымдастыру арқылы ғана білім сапасын арттыруға болатыны нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

Іс-шараның басты мақсаты – мектепшілік бақылаудың сапасын арттыру, анықталған олқылықтарды уақытылы жою, басқару тиімділігін күшейту және соның негізінде білім сапасын көтеру. Бүгінгі таңда мектепшілік бақылау – стратегиялық мәнге ие басқару құралы. Ол білім беру процесінің барлық кезеңін қамтып, мұғалімнің кәсіби өсуіне, оқушының білім деңгейінің артуына оң ықпал етеді.

Өз тілшімізден.

Нұрмағамбетов, техникалық қадағалау инженерлері Нұрсұлтан Шахарбеков, Асқарбек Тлеубаев, Ағзам Ибраев жауап береді.

«Біздің басты мақсатымыз-сапалы әрі қауіпсіз құрылыс мәдениетін қалыптастыру. Әрбір жобада біз жауапкершілік пен кәсіби бақылауды бірінші орынға қоямыз»,-дейді компания директоры Асхат Оралбекұлы. «Veritas Engineering» ЖШС-і құрылыс саласында сапа, жауапкершілік және кәсіби

бақылау қағидадарын ұстанатын, өңірдің инфрақұрылымдық дамуына үлес қосып келе жатқан инженерлік компанияның бірі екендігін айта кеткеніміз жөн.

Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов жобаға тапсырыс беруші «Daur Capital», бас мердігер «Infa Quarryly», жобалаушы мекеме «TENGRI PROJECT», техникалық қадағалау «Veritas Engineering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшыларымен құрылыс басында алда атқарылатын жұмыс жөнінде пікір алмасып, еңбектеріне табыс тіледі.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
Қонаев қаласы

тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалану отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртіну, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыз дарет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жана піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялау.

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

<p>АЛАТАУ Ардагері</p> <p>Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады</p> <p>ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ</p>	<p>БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310</p> <p>ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек Тел.: 8 705 965 3661</p> <p>Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.</p> <p>Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.</p> <p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралым – 8500 Тапсырыс №511 Индексі – 65472.</p>
---	---	--	---